

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламентіне толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 95-VI ПМ қаулысы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Регламентінің 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 1996 жылғы 8 ақпандағы Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Регламентіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 3, 213, 216-құжаттар; 2005 ж., № 16, 71-құжат; 2007 ж., № 22, 171-құжат; 2011 ж., № 19, 149-құжат) осы Қаулының қосымшасына сәйкес толықтырулар енгізілсін.

*Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Төрағасы*

Н. НЫҒМАТУЛИН

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
2016 жылғы 7 қыркүйек
№ 95-VI ПМ
Қаулысына қосымша

1) 14-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Саяси партия фракциясының, депутаттық топтың атынан сөз сөйлеу үшін міндетті түрде сөз беріледі.";

2) 161-тармақтың б) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл жағдайда міндетті түрде сөз беріледі."